

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ  
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
«№28 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
КӘСПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ  
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ  
«ГОРОДСКАЯ ПОЛИКЛИНИКА  
№28»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

**«23» мамыр 2024 жыл**

**№ 144**

**Алматы қаласы**

**города Алматы**

**«Медициналық мақсаттағы бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы ережелеріне сәйкес жүргізілсін.
2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу, емхананың жылдық жоспарына байланысты мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болып Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ "№ 28 қалалық емхана" КМК -ны белгіленсін.
3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына байланысты комиссия хатшысы және құрамы төмендегідей бекітілсін:

**Ерменбаев Д.Е.** – директордың орынбасары, комиссия төрағасы

**Әсемқұл Ә.М.** - заңгер, комиссия мүшесі

**Каримова Х.М.** - провизор, комиссия мүшесі

**Матилова Т.С.** – фармацевт, комиссия мүшесі

**Жұмақан Ә.Ж.**- есепші, комиссия хатшысы

4. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен алынатын стерильді ерітінділер мен дәрілерді сатып алуды мемлекеттік сатып алу есепшісі Ж.Жасаганбергенова емхананың жеке веб-сайтына <https://gp28almaty.kz/> жүктесін.
5. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен алынатын стерильді ерітінділер мен дәрілерді сатып алуға бақылау жүргізу мен қызметтердің шығындарының дұрыс орындалуын қадағалау емхана провизоры Каримова Халжан Муратовна мен фармацевт Матилова Тамара сйлаубаевнаға тапсырылсын және жауапты деп танылсын.
6. Заңгер Әсемқұл Әйгерім Мұратқұлқызы белгіленген заңнама талаптарына сәйкес Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен алынатын дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуға қадағалау жүктелсін.
7. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор**

**А. Солтангазиев**